

ҚАТЫСЫМ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КӨРІНІСІ

Қ.Т. Мұхамәди

ф.ғ.к., доцент

Сүлейман Демирел атындағы университет, Алматы қ., Қазақстан
Kuralay_sdu@mail.ru

Қазақ халқы – сөйлеуге, тіл арқылы ұғынысуға, түсінісуге, сол арқылы тыңдаушысына ықпал етуге ерекше көңіл бөлген, сөз өнерін аса жоғары бағалаған халық. Қазақ тілінің ең басты ерекшелігі де һәм ең басты қасиеті де осында жатса керек. Қазақ халқы тіл өнерін «*Өнер алды қызыл тіл*» деп өнер атаулының алдына шығаруы да тегіннен тегін емес. Өйткені қазақ халқы «*Тіл - көңілдің айнасы*», «*Қызыл тіл - жаның мияты, Абырой – ердің қуаты*», «*Көңіл көзін сөз ашап, сөйлемесе кір басар*», «*Тіл - ақылдың көрінісі, Бірліктің – кілті*», «*Тіл – ақылдың өлшемі*» - деп ұғады.

Қарастырылып отырған «қатысым» сөзі сөздік қордағы «қатыс», «қатысу» сөзінің негізінде алынып отыр. «Өйткені бұл - әріден келе жатқан түбір. Қазақ бір-бірімізбен араласпай қалдық, байланыспай қалдық, арамызда байланыс жоқ, қарым-қатынас үзілді» деген ұғымды білдіргісі келсе, «көптен қатыспай қалдық» дейді. Демек, «қатыс» - біріншіден, қазақтың байырғы сөзі, екіншіден, «байланыс, қатынас» дегеннің баламасы» ал «-ым» оған жалғанған сөзжасамдық жұрнақ. [1, 310]. Яғни қатысым қағидалары деген адамдардың тіл арқылы бір-бірімен түсінісу, пікірлесу, ой алмасу кезіндегі жалпы қойылатын талаптар, заңдылықтар деген сөз. Ал сол заңдылықтардың мақал-мәтелдердегі көрінісі қандай деген мәселе мақалаға арқау болып отыр.

Жалпы тілдің күдіреті мен қасиеті туралы түйінді ойларға халық мақалдарында көбірек орын берілген. Солардың бірнешеуіне мысал келтіре кетейік: «*Сіз біз деген жылы сөз тіршіліктің ганибеті*», «*Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады*», «*Тіл қылыштан өткір*», «*Көз жетпеген жерге сөз жетеді*», «*Жақсы сөз – жарым ырыс*»

Сөйлеушінің пайым-парасаты, білімі, таным-түсінігі оның сөз саптауынан байқалады. Оны қазақтың мақал-мәтелдері өзі-ақ айтып берген. Мысалы: «*Адам тілінен жазалы, мал мүйізінен жазылы*», «*Ат жүйірігі асқа, тіл жүйірігі басқа*», «*Шешен сөз бастар, батыр қол бастар, көсем ел бастар*», «*Артық тұз асқа залал, артық сөз басқа залал*», «*Ине көзінен сынады шешен сөзінен сынады*», «*Жүзден біреу – шешен, мыңнан біреу көсем*», «*Аузы жаман ел былғайды, аяғы жаман төр былғайды*», «*Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі*», «*Жауының көптігі жерді құртады, сөздің көптігі ерді құртады*», «*Асыл ердің белгісі, аз сөйлеп көп тыңдар*», «*Жаман кісі тақпақшыл, жаман сиыр соқпақшыл*», «*Санаулы сөз салмақты*», «*Қотыр қолдан жұғады, уәйім тілден жұғады*», «*Ойы жұтаңның – сөзі де жұтаң*», «*Өзі шынашақтай, Сөзі келсаптай*», «*Ойы тұзу адамның, Сөзі қисық болмайды*», «*Өзі қыңырдың сөзі қисық, Өзі сұйықтың сөзі қиық*», «*Қорқақтың көзі үлкен, Ақымақтың сөзі үлкен*», «*Сөзіне қарап болжас, Ісіне қарап қолдас*», «*Білімсіз адамның сөзі – білектей, Білімді адамның сөзі – жібектей*», «*Білімдінің сөзі оң, Білімсіздің сөзі – тоң*», «*Білімдінің өзі ірі, Білімсіздің сөзі ірі*». Жалпы көзі ашық, оқыған адам өз білімін үнемі оқу, іздену арқылы жетілдіріп, толықтырып отырады және ондай қасиеттерін өз бойында сақтап қана қоймай қолданысқа түсіреді. Өртүрлі ортада пікірін білдіру арқылы тілінің оралымдығын, шеберлігін шыңдай береді. Ал кейде пікірін білдіру арқылы тілінің оралымдығын, шеберлігін шыңдай береді. Ал кейде керісінше айтайын дегенін дұрыстап жеткізе алмайтын, тілі жетпейтін, сөзге олақ, шешен емес адамдарды да көптен кездестіреміз. Ойы жұтаң адамның сөзі де

жұтаң болатыны белгілі. Осы екі түрлі бір-біріне қарама-қарсы сөйлеушінің болмысы туралы айтылған ойды жоғарыдағы мақал-мәтелдерден табуға болады. Сөзге, тілге қатысты мақалдар сөз саптаушының қандай болатынын ғана көрсетіп қоймайды және оған қалай сөйлеудің жолдарын көрсетеді, сөздің тазалығы, дәлдігі, дұрыстығы, байлығы, сапасы, бедері туралы түсінік бере отырып, сөз сөйлеудің қағидаларын ұсынады. Қазақ халық мақалдары арқылы сөйлеушіге сөзін шынайы болсын, екі ұшты сөйлеме немесе көп сөзбен тыңдаушыңды жалықтырмай қысқа сөйле, тоқ етерін айт, сөйлейтін сөздің анық айт деген сияқты нақты сөйлеу талаптары мен қатысым қағидаларын меңзеп отырған. Бұл туралы ғалым З.Ерназарова 2001 жылы жарық көрген «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі» атты монографиялық еңбегінде: «*Айтылған сөздің құдіреті ақиқатта*», «*Тіл жүйірік емес, шын жүйірік*». Бұнда сөздің шынайы болсын, шындықты айт (екі ұшты сөйлеме) деген талап қойылды. Жасырын мәнді сөйлем түріне қатысты: «*Тура айтып, туганыңа жақпайсың*» мақалын келтіруге болады. Прагматиканың қағидалары халықтың көркем сөзінде нақты, дәл берілген. Осы мақал-мәтелдерде берілген сөйлеу талаптары жас ұрпақты сөйлеу өнеріне тәрбиелеген. Бұнда ұлттық дүниетаным, қарым-қатынастың бағалануы бар» - деп жазады. [2, 16]

Осы тектес ойды ғалым Қ.Күдеріновадан да кездестіреміз. Қ.Күдерінова «Н.Сауранбаев және шаршысөз мәдениеті» деген мақаласында: «Білікті маман шығуы үшін алдымен тілдік тұлғасы қалыптасқаны жөн. «Бірақтың да бірағы бар» дегендей, ауыздыға сөз бермей, бір сөзге екі сөз қайтарып, «тіл мен жаққа сүйенушілік», боссөзділік, былайша айтқанда, мылжыңдық та жоқ емес, бүгінгі ұрпақ тілінде. Мылжыңдық болашақ маман иесінің беделіне нұқсан келтіреді. Сондықтан алдымен көпірме сөзділіктен, боссөзділіктен аулақ болу талап етілуі тиіс. Сөз саптауын арқылы өзінді танытудың басты амалын халық мақал-мәтелдері өзі-ақ айтып берген. Мысалы: *аз сөз алтын, көп сөз көмір, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар*, ...яғни айналшық жеген аттай, айтар ойыңды төңіректей бермей, көп сөзге елтімей дәл, қысқа, нақты жеткізу тіл мәдениетінің бірінші шарты. Бүгінгі заман ағысы да, тіл арқылы берілетін ақпараттың көптігі де бәрімізден осыны талап етеді» - дейді [3, 27]. Олай болса халық мақал-мәтелдері тілдің құдіреті мен қасиетін айта келіп, жалпы сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы түсіністікті, ынтымақтастықты сақтауды қарым-қатынас әдебін бұзбауды, тіл мәдениеті талаптарын орындауды жалпы айтып қана кетпейді. Нақты сөйлеушіге талап қояды, ғалымдардың қазіргі күні айтып жүрген тіл мәдениетінің шарттарын дәлме-дәл қайталайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірнеше мысалдар келтіре кетейік. Мәселен, тіл мәдениетінің басты шарттарының бірі айтар ойыңды көп сөзге елтімей дәл, қысқа да нұсқа, анық, нақты жеткізу болып табылады. Бұл туралы тіл мәдениетін зерттеумен айналысқан ғалым М.Балақаев былай деп жазады: «Айтқан сөзің қысқа әрі тұжырымды болсын. Аз сөзбен айтуға болатын ойды керексіз көп сөздермен езіліп, өзгенің уақытын алып отыратын, тыңдаушысын әбден ығыр қылатын адамды қазақ «көкмылжың» дейді. Мылжың, көкмылжындардың сөзін өзелер ешуақытта зейін қойып тыңдамайды. Ондай жаман атқа ілінбеу үшін, шешендік кәсібіне кір келтірмеу үшін, артық сөздерді айтып лағып кетпе. Құраған сөйлемін ықшамды, ұғынуға оңай, қолданған сөздерің жұртқа таныс әрі мазмұнды болсын. Аз сөзбен көп нәрсе айтуға тырыс» [4,52]. Ал бұл туралы халық мақалдары былай дейді: «*Аз сөз алтын, көп сөз көмір*», «*Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні*», «*Көп сөздің артық сөз басқа залал*», «*Аяқтыға жол бермеген ауыздыға сөз бермеген*», «*Ақылы қысқаның - тілі ұзын*», «*Тілдің ұзыны басты орайды, етекнің ұзыны аяқты орайды*», «*Ұзын тілдің ойы шолақ*», «*Ұзын тіл жыланға барабар, Ауыздан шақса мойынға оралар*», «*Ұзын тіл өмірді қысқартады*», «*Сөздің қысқасы, арқанның*

ұзыны жақсы», «Сөздің азы жақсы, Қыздың назы жақсы», «Пышақ жетесінен, Сөз келтесінен», «Өткір тіл- дарын, Ұзын тіл – жауың», « Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық», «Мылжың үндемесе басы ауырады», «Көп сөйлесең, тақылдақ тер, аз сөйлесең ақымақ дер», «Сөзіңді үндемеген жеңеді», «Көп сөйлеген көптен айрылар» Тіл мәдениетіне қойылатын келесі шарт - ойды жүйелі, белгілі бір логикалық байланыста баяндау. «Жүйелі сөз белгілі бір мазмұнға, өзара тығыз байланысты желіге құрылады. Бір ойды айтып екінші ойға көшерде берік байланыс болмай, әлдененің басын бір шалып айтқан сөзде де табан тірер тиянақ болмайды, ондайды тыңдау да қиын» [4, 54] дегендей атылар сөзде бір жүйелік болғанда ғана тыңдаушыға түсінікті болады. Халық мақалдары да осы туралы айтады. Мысалы: «**Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар**», «**Аузынан сөзі түскеннің, қойнынан бөзі түсер**», «**Сөз жүйесін тапса, Мал иесін табар**», «**Икемді тіл инеден өткір**», «**Сөздің жүйесі-ойдың иесі**», «**Сөз қисынын жүйесі білер**», «**Өз иесін тыңдамаған ит жасаман, Сөз жүйесін танымаған би жасаман**». Бұл мақалдардан байқалатын тағы бір ерекшелік – ойды жүйелі түрде баяндау деген талапты білдіруде кейбір мақалдар құрамында «жүйелі» деген сөздер нақты қатысса, енді бірінде ой жалпы мақалдың мазмұны арқылы беріліп тұр. Шаршы топ алдында жақсы сөйлеудің ең негізгі шарты – даярлық. Даярлықсыз сөйлеген адам аңдымай сөйлейді. Ал «**аңдымай сөйлеген-ауырмай өледі**». Осы ретте мақал-мәтелдерден сөйлер сөзін алдын ала жоспарламаған, ешбір дайындықсыз сөйлеген адамның асып-сасып, әр нәрсенің басын бір шалып, не айтарын білмей дегбірі қашатыны белгілі, тіпті ондай кезде біреудің көңіліне тиетіндей сөздерге орын беруі де кездесіп қалады. Әрине ол адамның ішкі мәдениетіне де байланысты. Жұрт алдында сөйлеу шеберлігі бірге-бірге қалыптасады. Жүйелі ізденудің, дайындықтың пайдасы мол. «**Ақындық туа пайда болады, шешендік жүре пайда болады**», «**Көре-көре қөсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың**» дегендер осы жоғарыдағы сөзіміздің түйініне дөп келетін сияқты. Даярлықсыз сөйлеген сөздің көбіне кесек шығатыны туралы мына төмендегідей мақал-мәтелдер топтамасын беруге болады: «**Ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады**», «**Жаман сөз жанға кірген тікен**», «**Құлақтан кірген суық сөз көңілге барып мұз болар**», «**Аузы жасаман ел былғайды, аяғы жасаман төр былғайды**», «**Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгіледі, жасаман сөйлесе, аузынан жын төгіледі**», «**Сөзін жоғалту -өзін жоғалту**», «**Жақсы тауып сөйлейді, Жаман қауып сөйлейді**», «**Жаманның тілі-аңы, Көк мияның гүлі аңы**», «**Жаман сөз – жанға кірген тікен**», «**Жаманның тілі өз аяғын шалар**», «**Жаманның тілі тигенше, Қылыштың жүзі тисін**», «**Сөзің қисық болса ағайынға өкпелеме, Бетің қисық болса айнаға өкпелеме**», «**Тамақ жесең шайнап ал, сөйлер болсаң, ойлап ал**», «**Тауып айтқан сөз бедерлі, Бейберекет сөйлеген сөз кедергі**», «**Сөзде қаңқу жасаман, ауруда шаншу жасаман**», «**Сөзді алдымен көмейде қорты, Сонан соң ауыздан шығар**», «**Басқа пәле – тілден**», «**Аузыннан келгенді сөйлеу ақымақтың ісі, Алдына келгенді жеу айуанның ісі**».

Алдын ала ұқыпты түрде дайындалған адам керісінше неден кейін нені айтатынын, қалай айтатынын, қалай сөйлейтінін әбден көңіліне берік бекітіп алғандықтан өзін көпшіліктің алдында жақсы ұстап, ойын еркін жеткізе алады. Қысқасын айтқанда, даярлығы жақсы, не айтатынын күні бұрын ойластырған адамның сөзі тартымды, тыңдаушысына жағымды болары сөзсіз. Ондай адамдар туралы халық мақалдарында «**Тілі мірдің оғындай**», «**Жақсы сөз-жарым ырыс**», «**Жақсы сөз жараны да жазады**», «**Өнегілі өмірден-өнегілі сөз**», «**Шебердің қолы мерген, шешеннің сөзі мерген**», «**Бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын**», «**Тілімен тікен де алады**», «**Ат жүйірігі айырады, Тіл жүйірігі қайырады**», «**Ділмардың сөзі ұстаның бізінен өткір**» - делінген.

Қорыта келгенде, сөз саптаудың негізгі ережесі, қағидасы, мәдениеті қазақтың мақал-мәтелдерінде айқын көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер даурықпа, бос

сөзге жаны қас қазақ үшін адамның сөзі мен ісіндегі үйлесімділіктің болуын уағыздайды, қазақтың қасиетті тілін паш етуді насихаттайды, тіл мәдениетін сақтауды талап етеді. Қазақтың мақал-мәтелдері қазақ сөзінің құнын кетірмеуді қарабайыр, былапыт сөздермен былғамауды талап етіп қана тұрған жоқ, дұрыс сөйлеудің жолдарын, қағдиларын нұсқап, көрсетіп тұр. Тілдің қадіріне жеткеннің, сөз мәдениетін сақтағанның, орамды, ойлы сөз айтқанның «Туар адам, өлер өзі – ат қалар, Кеткендердің сонда сөзі жатталар» - деп Жүсіп Баласағұни айтқандай сөзі ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қала берері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф. Тіл әлемі.- Алматы, 2009.-368 б.
2. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. -194б.
3. Күдеринова Қ. Н.Сауранбаев және шаршы сөз мәдениеті.//Түркі тілдерінің грамматикасы: қазіргі ахуалы мен болашағы. –Алматы, 2010. 25-29бб.
4. Балақаев М.,Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық –Алматы, 2006. -140 б.
5. Академик Нығмет Сауранбаев еңбектері. – Алматы, 2000.-392б. II том.-394 б.

Summary

The article discusses speaking culture through proverbs and sayings.